



АСТАНА АКШАМЫ

СӘКЕННИң САРА ЖОЛЫН САЙРАТТЫ



ҚР Ұлттық мұрағатының директоры, ғалым Марат Әбсеметов мынадай дерек келтіреді: «1924 жылы үлкен жиын болады. Онда астананы ауыстыру мәселесі талқыланғанда Тұрар Рысқұлов – Шымкентті, Сұлтанбек Қожанов – Та什кентті, Ораз Исаев – Қызылорданы, Сейітқали Мендешов – Ақтөбені, ал Сәкен Сейфуллин Ақмоланы ұсынады». Ендеше, Сәкен арманы орындалды деп толық сеніммен айтуға болады. Қазақтың бас қаласы Астана да қайраткер ұлының 120 жылдығын өз дәрежесінде атап өтті. Одан, әрине, Сәкен Сейфуллин мұражайы да қалыс қалмай, нақты мерейтойы күні «Сәкен оқулары» байқауы мен «Сыр сандықты ашып қара» атты әдеби-сазды кешті үйімдастырыды.

Сәкен – сегіз қырлы, бір сырлы азамат болғаны, поэзия, проза, драматургия сынды әдеби жанрларда да, одан қалды музыкада да артына мол мұра қалдырганы белгілі. Жыл сайын өтіп тұратын «Сәкен оқуларының» мақсаты да оның шығармаларын жасөспірімдер арасында насихаттау, сол арқылы кемел азаматтарды тәрбиелеу. Осы аптада өткен кезекті байқауда да елордадағы 70-тен астам мектептен 7-11 сыныптардың жүзге тарта оқушысы қатысты.

Сәкеннің ақындық қырын ашатын «Сыр сандықты ашып қара» номинациясында Әлкей Марғұлан атындағы №40 орта мектептің 9-сынып оқушысы Камила Еманғалиева поэзиялық шығарманы мәнерлеп жатқа оқудың үлгісін көрсетіп, женімпаз атанды.

«Қазақты қазақ дейік» прозалық шығармаларынан үзінді оку номинациясында №37 мектептің оқушысы Әйгерім Орынбасарова оза шапса, «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» номинациясы – Сәкеннің әндерін орындауда №62 мектептің 8-сынып оқушысы Елнұр Қадырберген дарапанды.

«Сәкеннің аманаты» номинациясына қатысқандардың арасында сахналық көрініс көрсеткен №38 мектептің окушысы Куаныш Жашкеев актерлік қабілетін байқатты.

Қазылар алқасының құрамы – ақын, «Дарын» мемлекеттік Жастар сыйлығының лауреаты Дәулеткерей Кәпұлы, Сәкеннің нағашы қарындасы Асылгүл Әбішева, жазушы Талғат Кенесбай және Сәкен Сейфуллин мұражайының ғылыми қызметкери Әйгерім Мақажанова осылай деп шешті.

Игі шара «Астана» ұлттық сурет галереясында өткен әдеби-сазды кешке ұласты. Оны Алматыдан Сәкен тойына арнайы ат арытып жеткен сәкентанушы ғалым, орда бұзар жасында Сәкеннің азаматтығын танып, тоқсанға келіп отырған осы кезде оған деген адалдығынан айнымаған Тұрсынбек Кәкішев және ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Несілбек Айтұлы ашып берді. Олар Сәкен жайлы толғанысқа толы сөздерін жеткізіп, осы тойды өткізуге мүмкіндік тудырған Астана қаласы әкімдігіне алғыстарын айтты.

Сонымен бірге кеште «Сәкен Сейфуллин мұражайы» альбомы мен «Сұнқар Сәкен» кітабы, Амантай Кәкеннің «Сәкен тағылымы» еңбегі, Тұрсынбек Кәкішев құрастырған Сәкен Сейфуллин шығармаларының 13 томдығы оқырмандарға жол тартты.

Азамат атын ұлықтаған шараны елімізге танымал дәстүрлі әншілер Ерлан Рысқали, Клара Төленбаева, Қанапия Жүкенов, Қанат Жұнісов, Қарағандыдан келген Ержан Базарбеков, Дәуренбек Эркенов, Меруеш Башай әнмен әрледі. Тағы бір қарағандылық қонақ, Нұра ауданы Ахмет ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектеп директоры Атымтай Балабиев Сәкеннің кезіндегі мектеп макетін мұражай директорына табыстады. Сәкен рухына тағзым ете келген қадірлі қонақтарға қонақасы беріліп, онда да мерейтой иесі жайлы небір кесек сөздер айтылды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ